



КЕҢЕС

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

СОВЕТ

12.10.2022 жыл

№ 5, 2-т.

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым
қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ
Жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы**

Салалық кәсіподақтың атауын әлеуметтік әріптестердің атауларымен үндестіру мақсатында «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысының 15-тармағын басшылыққа ала отырып, еңбек ұжымдарында кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейтін саланың қайта ұйымдастырылуына, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің өзгеруіне, Қазақстан Республикасы астанасының атауының – тиісті салалардың уәкілетті мемлекеттік органдарының: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өзгеруіне байланысты Кәсіподақтың Салалық Кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ Жарғысына келесі өзгерістер енгізілсін:

- Жарғының барлық мәтіні бойынша «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» сөз тіркесі «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» деп өзгертілсін;

- Жарғының барлық мәтіні бойынша «білім және ғылым» сөз тіркесі «оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім» деп өзгертілсін;

- Жарғының барлық мәтіні бойынша «Нұр-Сұлтан» атауы «Астана» деп өзгертілсін;

- Жарғының барлық мәтіні бойынша «Кәсіподақтың Салалық Кеңесі» сөз тіркесін «Кәсіподақтың Орталық Комитеті» деп өзгертілсін.

2. Жарғыға енгізілген өзгерістерді мемлекеттік тіркеуден өткізуді ұйымдастыру Кәсіподақ төрағасын орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева